

2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 76 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 5 наурызда № 2246 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 01-3-1/371 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 24.01.2014 № 01-3-1/371 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережесінің 8-тармағына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен нақты жағдайлары б е к і т і л с і н .

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері көлемінде бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е.Бектаевқа ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кентау қаласының әкімі

Б.Байсалов

К е н т а у

қ а л а с ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 8

а қ п а н д а ғ ы

№ 76 қаулысымен бекітілген

**2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың
көздері**

№	Жұмыс берушінің атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қоғамдық жұмыстарға қатысушылар саны	Қаржыландыру көздері
1	Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту және санитарлық - тазалық жұмыстарын жүргізу, негізгі еңбек индикаторларын анықтау.	432000 м2	470	Жергілікті бюджет
2	Кентау қаласы әкімдігінің «Байылдыр ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, көркейту және санитарлық - тазалық жұмыстарын жүргізу, негізгі еңбек индикаторларын анықтау.	156000 м2	40	Жергілікті бюджет
3	Кентау қаласы әкімдігінің «Ащысай ауыл әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Әлеуметтік маңызы бар жұмыстарға көмектесу, көгалдандыру, ағаш отырғызу жұмыстары жүргізу, негізгі еңбек индикаторларын анықтау.	1128 м2	60	Жергілікті бюджет
4	Кентау қаласы әкімдігінің «Хантағы ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Жыл бойы әлеуметтік маңызы бар жұмыстарға көмектесу, көгалдандыру, көркейту және санитарлық – тазалық жұмыстарын жүргізу, негізгі еңбек индикаторларын анықтау.	541 м2	60	Жергілікті бюджет
5	Кентау қаласы әкімдігінің «Қарнақ ауыл әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауыл аумақтарын жинау, қоқыстарын тазалау. Ағаш отырғызу, оны күту, әктеу, негізгі еңбек индикаторларын анықтау.	162000 м2	60	Жергілікті бюджет
6	Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету.	6000 дана	25	Жергілікті бюджет
	Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі Істер	Қоғамдық тәртіпті сақтауға, құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету, учаскелік полиция			

7	департаментінің «Кентау қаласының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	инспекторларының жұмыстарына, бұрын соттылығы бар және шартты түрде босатылған азаматтарға әлеуметтік қарта түзуге көмек көрсету.	48000 сағат	50	Жергілікті бюджет
8	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің «Кентау қаласы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету.	19200 сағат	20	Жергілікті бюджет
9	Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету.	1920 сағат	2	Жергілікті бюджет
10	Кентау қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Әлеуметтік маңызы бар жұмыстарды ұйымдастыруда жастармен жұмыс жүргізуге, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға, халық арасында әлеуметтік сауалнама жүргізуде, құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету.	3840 сағат	8	Жергілікті бюджет
11	Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Әлеуметтік маңызы бар жұмыстарды, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруда жастармен жұмыс жүргізуге көмек көрсету.	3840 сағат	10	Жергілікті бюджет
12	Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету.	4800 сағат	10	Жергілікті бюджет
13	Кентау қаласы әкімдігінің «Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Көгалдандыру, көркейту және санитарлық - тазалық жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызы бар жұмыстарды, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету.	2152,52 м2	25	Жергілікті бюджет
	Барлығы:			900	

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК